

Қазақстан Республикасының мемлекеттік авторлық және сабақтас құқықтар Агенттігі (ҚазМАСҚА) Н Ұ С Қ А У Л Ы Қ ҚазМАСҚА тексеруші-уәкілдерінің авторлық сыйақы алымдарымен творчестволық одақтар қорына аударылған қаржыларды жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік авторлық және сабақтас құқықтар Агенттігі 1996 жылғы 2 қыркүйек. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 1997 жылғы 27 наурызда N 274 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқықығы жөніндегі комитеті Төрайымының 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 81-п бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді -----

Орталық және мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының Конституциясына, авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келтіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік авторлық және сабақтас құқықтар агенттігі 1996 жылғы 2 қыркүйекте бекіткен ҚазМАСҚА тексеруші уәкілдерінің авторлық сыйақы алымдары мен творчестволық одақтар қорына аударылған қаржыларды жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтың (Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 1997 жылғы 27 наурызда N 274 тіркелген) күші жойылды деп танылсын...

Төрайым

ҚазМАСҚА өкілетті-инспекторларының авторлық сыйақы алымдарымен творчестволық одақтар қорына аударылған қаржыларды жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру ж ө н і н д е г і

НҰСҚАУЛЫҚ

Өзіне жүктелген міндеттерді орындау кезінде тексеруші-уәкіл ынта көрсетіп, төлеушілермен және басқа да мекемелермен іскер байланыс орнатып оны нығайтып отыруы, театрларда, циркте, клубта, мейрамханаларда және т.б. жерлерде өнер көрсететін концерттік мекемелер мен ұжымдардың репертуарларын білуі керек.

Түскен ақшаны есептеуге және инкассациялауға нақты жоспар құру үшін

Агенттік дер кезінде мәлімет алып қажетті шаралар қолдану мақсатында есептеудің мөлшері мен инкассациялау мерзіміне әсер ететін жағдайларды ұдайы қадағалап отыруы керек.

Тексеруші-уәкілге тапсырмалар мен шығындарды есепті жылға жоспарлау

1. Тексеруші-уәкіл үшін авторлық сыйақы алымдарымен творчестволық одақ қорларына аударылған қаржыларды жинау тапсырмаларының жоспары тоқсандық бөлу арқылы, жылдық алым жоспары мен Агенттіктің жылдық кірісі мен шығынына сәйкес жасалады. Алым жоспарын жасау кезінде тексеруші-уәкіл төмендегі жәйттерді ескеруі қажет:

а) өткен мерзімдегі жұмыс кезінде жиналған нақты алым жөніндегі мәліметтерді ,

б) соңғы үш жыл ішіндегі алым өсімінің жалпы жылдық орташа проценті.

2. Агенттік тоқсандық алым жоспарына негіз бар болған жағдайда Агенттіктің жоспарына сәйкес түзету енгізуге құқылы. Жоспарға түзету тоқсанның соңғы айының 1-жұлдызына дейін енгізілуі керек.

3. Авторлық сыйақы алымдарымен творчестволық одақтар қорына түсетін қаржыны жинауды толық қамтамасыз ету үшін, тексеруші-уәкіл жаңа төлеушілерді табу жұмыстарын ұдайы жүргізуі керек. Төлеушілер қазіргі заңға сәйкес ҚазМАСҚА арқылы авторлық сыйақыларды төлеуге және творчестволық одақтар қорына ақша аударуға міндетті.

4. Авторлық сыйақылар мен творчестволық одақтар қорына қаржы аударатын төлеушілер болып шығармаларды көпшілік алдында жарыққа шығаратын мекемелер, баспалар, хабар тарату ұйымдары сондай-ақ бейнелеу өнері мен сәндік-қолданбалы өнер туындысын пайдаланатын болмаса тираждайтын және әдеби шығармаларды көбейтетін, музыкалық шығармаларды үнтаспаға, бейнежазбаларға, лазерлік дискілерге басатын, дыбыс-бейнежазбаларының көшірмесін жасайтын, сондай-ақ осындай дыбыс-бейнежазбаларды жалға беретін , фильмдерді көпшілік назарына ұсынатын кәсіпорындар мен мекемелер с а н а л а д ы .

Төлеуші - бұл банкте есеп-шоты, белгіленген үлгідегі мөрі мен мөр табаны б а р м е к е м е .

Мекемелер сондай-ақ бірнеше пайдаланушыларды біріктіретін мекемелер төленушілер бола алады .

5. Тексеруші-уәкіл жаңадан тапқан төлеушілерді Агенттік олармен ұйымдастыру және түсіндіру жұмыстарын жүргізу, әрдайым жүйелі есеп айырысу үшін тіркеуге алады .

6. Төлеушіні тіркеуден және тексеруші-уәкілдің графигінен шығару тексеруші-уәкілдің тапсырған N 75 формалы кірістері тексеру актісінің, болмаса

төлеушінің екі жылға авторлық сыйақылар мен творчестволық одақтар қорына қаржы аударуға негіздің жоқтығы жөніндегі анықтама қағазы, болмаса төлеушінің жойылғаны жөніндегі құжат немесе авторлық сыйақылар мен творчестволық одақтар қорына қаржы аударуға негіз болатын әрекеттерінің толық тоқтатылғаны жөніндегі құжаттың негізінде Агенттіктің шешіміне б а й л а н ы с т ы о р ы н д а л а д ы .

7. Тексеруші-уәкілдердің төленушілердің дебиторлық қарыздарының нормативтерін (мөлшерін) анықтаудағы қолданатын әр түрлі амалдары тексеруші-уәкілдің жұмысын дебиторлық қарыздарды белгіленген нормативтен асырмауға, қарыздар сомасын ұдайы төмендетіп отыруға ынталандыруы керек.

Тексеруші-уәкіл белгіленген төлеушілердің дебиторлық қарыздарының сомасы нормативтен аспауы керек.

Төлеушілердің рұқсат етілген ауыспалы қарыздарының сомасының тексеруші-уәкілге белгіленген тоқсандық алым жоспарының сомасына проценттік қатынасы төлеушілердің дебиторлық қарыздарының нормативі болып т а б ы л а д ы .

Агенттік тексеруші-уәкілге төлеушілердің дебиторлық қарыздарының нормативін белгілеген кезде банк құжаттарының нақты өту мерзімін ескеруі к е р е к .

Тексеруші-уәкіл тоқсанның екінші айындағы демалысын толық пайдаланған жағдайда ол үшін осы кварталдағы төлеушілердің дебиторлық қарыздарының н о р м а т и в і 1,5 е с е ө с е д і .

8. Тексеруші-уәкіл есеп беру құжаттарын Агенттікке ай сайын тапсыруы керек. Тексеруші-уәкілдің жұмысының көлеміне, төлеушілермен есеп айырысуға кететін уақытқа, сондай-ақ тексеруші-уәкілден түсетін құжаттарды уақтылы өңдеу үшін құжаттарды тапсыру күнін Агенттік өз қарауынша шешеді.

9. Тексеруші-уәкіл төлеушілерге өзі барып бухгалтерлік құжаттардың, баланстық есептердің негізінде есеп айырысуы керек.

10. Егер төлеуші шалғай баруы қиын аудандарда тұратын болса, онда тексеруші-уәкіл ондай төлеушілермен хат арқылы есеп айырысуға рұқсат етіледі. Бұл жағдайда жазылған есеп айырысу қағаздары Агенттікпен тек төлеушілерден алынған, оларда жүргізілген жұмыстар жөніндегі мәліметтермен, жұмыстың орындалуы барысы жайлы қысқаша рапорт-программалармен бірге ғана қ а б ы л д а н а д ы .

Тексеруші-уәкілдің жасаған есептеу қағаздарындағы кредит басшыларының қолы, төлеушілердің мөрі басылған жағдайда төлеушінің ықтиярынсыз төлем ақыны өндіріп алуды талап ететін нотариалдық атқару жазбасын дайындауға негіз бола алмайды. Сондықтан тексеруші-уәкіл барлық төлеушілермен жыл бойында к е з д е с у г е м і н д е т т і .

11. Ертректе жасалған есептеулердің дұрыстығын қайта тексеруді N 75 формалы кірісті тексеру актісін ресімдеу арқылы жүргізу қажет:

- а) филармонияларда, театрларда және цирктерде жыл сайын,
- б) басқа барлық төлеушілерді үш жылда бір реттен кем емес (кез-келген т о қ с а н д а) .

Қайта тексеруді төлеушілердің түріне және қайда орналасқанына қарамастан олармен есеп айырысу мерзіміне сәйкес өткізу қажет.

Есепті жылда тексеруші-уәкілдерге сыйақыларды есептеп төлеп беру тәртібі

Тексеруші-уәкілге есепті жыл сыйақыларды есептеу кезінде келесі шарттарды (есептеудің келесі тәртібін) басшылыққа алу қажет:

Тексеруші-уәкілден есеп беруге қажетті барлық қысқаша рапорттары, есептеу ведомствелері (суретшілердің авторлық сыйақысын) осы есепке тиесілі шараларға сәйкес дайындалған есептеу қағаздары, сыйақылардың ағымдағы шотының көшірмесі бар біріктірілген есеп түскен күннен бастап он күн мерзім ішінде тексеруші-уәкілге төмендегі мөлшерде ақы төленуге немесе ақы почта арқылы ж і б е р і л у г е т и і с .

Алым жоспары орындалса тексеруші-уәкіл штаттық кестеде белгіленген с ы й а қ ы н ы а л а д ы .

Сондай-ақ тексеруші-инспектор алым жоспары орындаған жағдайда сыйлықтың 30 процентін алуға құқылы, егер:

- а) есеп беру кезінде олар төлеушілердің 50 проценттен астамын қамтыған б о л с а ;
- б) есептелінген соманың 50 проценттен астамын авторлық сыйақы құрайтын б о л с а ;
- в) есеп беру құжаттарын сапалы әрі дер кезінде тапсырса;
- г) олар жаңа нүктелерді ашса;
- д) алымның елеулі бөлігі әдеттен тыс ерекше нүктелерден түскен болса;
- ж) дебиторлық қарыздардың сомасы нормативке дейін азайса;
- з) өз бетімен сот процесіне қатысып Агенттіктің өкілі ретінде авторлардың м ү д д е с і н қ о р ғ а с а ;
- и) заңның негізінде нормативті актілерді бұзбай төлеушілермен түсіндіру жұмыстарын жү р г і з с е ;
- к) атқару жазбасын жүзеге асырса;
- л) "Анықталмаған гонорарды" нормативке дейін төмендетсе.

Осы тармақтың әрбір тармақшаларының шарттары орындалған жағдайда сыйақының мөлшері орташа 5 процентті құрайды.

12. Егер айлық алым жоспары артығымен орындалса, онда тексеруші-уәкілге комиссияндық соманың 20 проценті қосымша төленеді. Мұндай сыйлықтың

мөлшері жоспардан тыс жиналған авторлық сыйақының творчестволық одақтар қорына аударылған қаржымен ара-қатынасына байланысты келесі принциптерге сәйкес есептеледі:

а) егер алымның 50 проценттен астамын авторлық сыйақы құрайтын болса, онда 10-20 процентке дейін;

б) егер алымның 50 проценттен астамын творчестволық одақтар қорына аударылған қаржылар құрайтын болса, онда 5-15 процентке дейін.

13. Тексеруші-уәкілге есепті жылы жаңа төлеушілерді тапқаны үшін бір жылғы сыйақы төленеді:

а) әдеттегідей нүктелерді тапқаны үшін, осы нүктеден жиналған комиссияндық алым сомасының 10 проценті;

б) әдеттен тыс ерекше нүктелерді тапқаны үшін, осы нүктелерден жиналған комиссияндық алым сомасының 20 проценті;

в) сот процесіне қатысқаны үшін осы істен өндіріп алынған комиссияндық соманың 5 проценті;

г) жұмысқа жаңадан қабылданған тексеруші-уәкілді үйреткені үшін айлық сыйақының сомасының 20 проценті;

д) атқару жазбасын орындату арқылы өндіріп алынған инкассалық соманың өсімінің 50 процентіне дейін;

ж) "Анықталмаған гонорарды" нормативке дейін төмендеткені үшін негізгі сыйақының 5 процентін.

14. Егер алым жоспары орындалмаса, тексеруші-уәкілге есептелген айлық сыйақының мөлшері кемітіледі:

а) 10 процентке дейін, онда айлықтың 5 проценті,

б) 20 процентке дейін, онда айлықтың 10 проценті,

в) 30 процентке дейін әрі одан жоғары, онда айлықтың 20 проценті.

15. Тексеруші-уәкілге есептелінген сыйлық кемітіледі:

а) 5 процентке - төлеушілердің дебиторлық қарыздарын белгіленген нормативтен асырып жіберсе.

б) 5 процентке дейін - міндеттерін дұрыс атқармай; есеп беру құжаттарын кешіктіріп және сапасыз тапсырса.

16. Авторлық сыйақы алымы мен творчестволық одақтар қорына тиісті аударымнан түскен қаржы ҚазМАСҚА-ның тексеруші-уәкілге жұмсалатын шығынын жаппаған жағдайда оған сыйақы төленбейді.

17. Тексеруші-уәкілдің алым жоспары, төлеушілердің санынан, өзіне төленетін жалақысына, почтаға, көлікке және басқа да шығындар мен ҚазМАСҚА аппаратына жұмсалатын шығындардың көлеміне сәйкес анықталады.

18. Еңбек тәртібін өрескел бұзғаны үшін тексеруші-уәкілге республиканың еңбек жайындағы заңдарына сәйкес жаза қолданылып агенттіктің әкімшілігінің шешімі бойынша сыйлық алу мүмкіншілігінен айырылды.

19. Тексеруші-уәкілді төлеушілердің дебиторлық қарыздарын нормативтен асырып жібергені үшін сыйлықтан айыру сұраған қараған кезде, дебиторлық қарыздың нақты сомасынан өкілетті-инспектордың банк мекемелеріне инкассалық тапсырмаларды дер кезінде тапсыру арқылы шығынға жаздырған сомалары алынып тасталынады.

20. Ұзаққа созылған ауруға байланысты тексеруші-уәкіл жоспарланған есеп айырысуды төлеушілермен жүргізе алмаса, сондай-ақ бөлімше уақытша бақылаушысыз қалса, онда Агенттік бұл бөлімшенің төлеушілерімен есеп айырысуды Агенттіктің қызметкерлерінің болмаса басқа тексеруші-уәкілдердің күшімен жүргізуі керек.

21. Мұндай есептеуді жүргізу үшін Агенттік бұйрық шығарады. Ол бұйрықта жұмыстың көлемі мен бір жолғы сыйлық төлеу шарттары көрсетіледі.

22. Жұмысқа жаңадан қабылданған тексеруші-уәкілді алғашқы рет жұмысқа үйрету оны оған бекітілген жұмыс орнымен таныстыру, бөлімнің соңғы үш жылғы құжаттары мен іс-қағаздарын тапсыруды Агенттіктің қызметкерлері болмаса тәжірибелі тексеруші-уәкіл арқылы бір айдан аспайтын мерзім ішінде орындалуы керек. Мұндай жұмысты жүргізу кезінде Агенттіктегі жұмыстың көлемі, орындалған есеп беру құжаттарын тапсыру мерзімі және бір жылғы сыйлықты төлеу шарттары көрсетілген бұйрығы шығады.

Тексеруші-уәкілге жаңа тексеруші-уәкілді үйреткені үшін сыйлық, жұмыс істеген күндерінің санына байланысты есептеледі.

Бір жұмыс күннің құны жұмысқа жаңа қабылданған тексеруші-уәкілдің оқу мерзімі кезінде төленетін сыйлықтың 50 проценті көлемінде есептелінеді.

23. Тексеруші-уәкілге сыйлықтың барлық түрлері Агенттіктің төрағасы немесе оның орынбасары бекіткен тексеруші-уәкілдерге басшылық жасайтын бөлім бастығының негізделген жазба ұсынысы бойынша есептелінеді.

24. Тексеруші-уәкілге сыйлықтың есептелінген сомасы айына бір рет белгіленген мерзімде төленеді.

25. Тексеруші-уәкілдерге Агенттік сыйлықпен бірге олардың іс-әрекеттеріне байланысты шығарған шығындарын өтеп береді.

Тексеруші-уәкілдердің жұмыстарын бақылау және бөлімшелердегі олардың іс-әрекеттерін тексеру

26. Агенттік тексеруші-уәкілдерге бақылауды олардан ай сайын түсетін есеп-беру құжаттарына қоса тіркелген орындалған жұмыстың көлемі сондай-ақ орындалмаған міндеттемелер мен шарттардың, егер мұндай жағдайлар орын алған болса, олардың себептерін қысқаша баяндалған түсіндірме жазбаларына

б а й л а н ы с т ы жү р г і з е д і .

27. Тексеруші-уәкілдерден түсетін құжаттар келесі бағыттар бойынша
т е к с е р і л у і қ а ж е т :

а) есептеу қағаздарының, есептеу ведомостілерінің, қысқаша
рапорт-программалардың сапалы ресімделуі және дер кезінде тапсыру;

б) авторлық сыйақы мен творчестволық одақтар қорына аударылатын
қаржыларды есептеу кезінде заңда бекітілген ақы мөлшерімен нормаларын
д ұ р ы с қ о л д а н у ;

в) есептеу құжаттарында көрсетілген алым сомаларын дұрыс есептеу;

г) ағымдағы шоттан немесе ҚазМАСҚА транзитті субшотынан
көшірмелердің, тексеруші-уәкілдердің есепті айда шығарған шығындарын
анықтайтын құжаттардың бар болуы, шыққан шығындардың орынды жұмсалуды;

д) түсіндірме жазбаларының сапасы;

е) тексеруші-уәкілдердің авторлық сыйақы сомаларын қайта есептеу немесе
қайта қайтару жөніндегі бұйрықтарды орындауы;

ж) төлеушілердің дебиторлық қарыздарын есептеу, қарызды қайтару
мерзімінің ұзақтығы мен дебиторлық қарыздың рұқсат етілген қарызға
қ а р а ғ а н д а ғ ы м ө л ш е р і .

28. Есеп беру құжаттарының жіберілген күні почта штемпелі арқылы
анықталады. Ал Агенттікке өзі алып келген тексеруші-уәкіл үшін құжаттарды
тапсыру күні қатынас қағаздарын тіркейтін журнал арқылы анықталады.

29. Дұрыс немесе толық ресімделмеген есеп беру қағаздары, есеп беру
ведомостілері тексеруші-уәкілдердің төлеушілердің есеп беру графигін толық
орындағаны болып есептелінбейді, ол қағаздар тексеруші-уәкілдерге түзетуге
қайта қайтарылады. Ал тексеруші-уәкілдің есеп беру жұмыстарына есептелінген
еңбек ақы сомасы оған қайтарылған есеп беру қағаздарында көрсетілген сомаға
а з а й т ы л у ы к е р е к .

30. Егер есептеу қағаздарын, қысқаша рапорт-программаларды және есептеу
ведомостілерін тексеру кезінде тексеруші-уәкілдің төлеушілермен дұрыс есеп
айырыспағаны анықталса, онда тексеруші-уәкілге жетіспейтін соманы мөлшеріне
қарамастан аудартуға болмаса, әр есептеу құжаттары бойынша 50 теңгеден
асатын артық алынған соманы төлеушіге қайта қайтару жөнінде бұйрық шығады.
50 теңгеден кем сома төлеушіге қайтарылмайды, ол сома республика бюджетінің
қорына аударылады. Сонымен қатар тексеруші-уәкілге жіберген қателігі жөнінде
ақпарат жіберіледі. Ол ақпарат авторлық қаламақының осы түрі бойынша
орындалған нақты алым жоспарынан артық есептелінген соманы шығарып
т а с т а у ғ а н е г і з б о л а д ы .

31. Есептеу қағаздары қысқаша рапорт-программалармен және басқа да

есептеу құжаттарымен қоса жүктелмесе, онда тексеруші-уәкілдердің бұрынырақ жасалған есептеулердің дұрыстығын қайта тексеруі, төлеушілермен есептесу графигін орындағаны есепке алынбайды.

32. Есеп беру құжаттарынан басқа Агенттіктің жүктелген тапсырмаларының дер кезінде орындалуын, сондай-ақ "қазМАСҚА тексеруші-уәкілдері жөніндегі ережелерде" көрсетілген міндеттемелердің орындалуын тексеру қажет.

33. Есеп беру құжаттарын тексеріп қажетті түзетулерді енгізгеннен кейін, тексеруші-уәкілге барлық ескертпелер мен түсіндірмелерді келесі құжаттарды алуды қамтамасыз ететін мерзімге дейін жөнелту қажет.

34. Тексеруші-уәкілдің жұмысымен толық танысып, оған іс жүзінде көмек көрсету мақсатында Агенттік оның қызметін тікелей бөлімшеде тексеруді ұдайы (үш жылда бір реттен кем емес) жүргізуі керек.

Тексерулер Агенттіктің авторлар мен шығармаларды тіркеу бөлімінің қызметкерлерімен және ревизор бухгалтермен (немесе басқа бухгалтер қызметкерлермен) бірге әрдайым тексеруші-уәкілдің қатысуымен жүргізілуі тиіс.

Тексеруге қатыстыру қажеттілігі туғанда, заң қызмет өкілдері, өзге бөлімдердің тексеруші-уәкілдері тартылуы мүмкін.

35. Тексеруге шығар алдында тексерушілер төмендегі жәйттерді орындауға м і н д е т т і :

а) белгілі бір мерзім ішіндегі тексеруші-уәкілдің жұмысын сипаттайтын, тексерілуі қажет қолда бар мәліметтермен және бұрынғы тексерулер актісімен т а н ы с у ғ а ;

б) бұрынғы тексеру кезінен бастап тексеруші-уәкілдің есепке алған негізгі төлеушілердің кірістерінің сомасы жөніндегі мәліметтерді көшіріп алуға;

в) Агенттіктің қызметкерлері мен тексеруші-уәкілдерге жұмыстың бөлімдері бойынша қойылған шағым талаптарымен танысуға міндетті.

36. Тексеруші-уәкілдің жұмысымен тікелей бөлімшеде танысқан кезде, тексерушілер жүргізілген есептеулердің дұрыстығын филармония, барлық театрлармен, цирк және 2-3 басқа да түрлі төлеушілердің есептеулерімен с а л ы с т ы р у л а р ы к е р е к .

37. Қайта тексеруді жүргізу кезінде тексеруші-уәкілдің өзі анықтаған төлеушілермен есептеу немесе олардың кірістерін тіркеу кезінде жіберген қателіктері, сондай-ақ тексерушілердің тексеруші-уәкілдердің қызметін тексеру кезінде анықталған қателіктері, жетіспейтін соманы аударту қажеттілігі туған жағдайда ғана N 75 формалы актіге тіркеледі. Авторларға артық есептелініп төленген сомаларды Агенттіктің өндіріп алуына болмайды және төлеуші мекемелерге шоттан шатысу болмаса, авторлардың арам ниетті істері дәлелденген жағдайларды қоспағанда қайтарылмайды.

38. Есептеулерді тексерудің қорытындылары жөніндегі актіге тексерушілердің, төлеушілердің кредит басшыларының, тексеруші-уәкілдердің қолы қойылып, төлеушінің мөрімен куәлендіруі керек.

39. Төлеушілермен есептесудің дұрыстап тексеру қорытындыларымен бірге актіде тексеруші-уәкілдің ұйымдастыру, юристік және түсіндіру жұмыстарын қандай дәрежеде жүргізілгені және орындалмаған міндеттемелердің себептері көрсетілуі керек, атап айтқанда:

а) есеп беру құжаттарын Агенттікке тапсырудың белгіленген тәртібі мен мерзімін бұзбау;

б) есеп беру қағаздарын, есеп беру ведомостілерін, қысқаша рапорт-программаларды дұрыс ресімдеу;

в) төлеушілердің ұзаққа созылған дебиторлық қарыздарын азайтудың немесе жоюдың шаралары;

г) іс жүргізудің жұмыстарымен архив жүргізу тәртібін сақтау;

д) Агенттіктің бұйрықтары мен тапсырмаларын, авторлармен Агенттіктің және басқа да мекемелердің сұрақтарына жауап беру жұмыстарын уақытында орындау;

е) жаңа төлеушілерді тауып, олармен есеп айырысу жұмыстарын жүргізу жағдайы;

и) тексеруші-уәкілдің қызметін бұрынғы тексерудің қорытындылары бойынша Агенттіктің нұсқауларын орындау.

40. Жүргізілген тексерудің қорытындылары бойынша екі дана.

ҚазМАСҚА фN 75

А К Т

Қала _____ " " _____ 199__ ж.

Біз төмендегі қол қоюшылар, ҚазМАСҚА-ның тексеруші-уәкілі _____ қаласы бойынша азамат _____ есепші _____ азамат _____

(тө л е у ш і м е к е м е)

199__ жылдың _____ мен 199__ жылдың _____ аралығындағы әдебиет және музыка қорына қаламақы мен аудару жайына тексеру жүргізілді.

Тексеру төлеуші мекеменің есепшісімен авторлық құқық қорғау агенттігі тексеруші-уәкілінің құжаттарына сәйкес тексерілді.

Төмендегілер анықталды:

1. Айырмасы

Түскен кіріс: а) төлеушінің есебі бойынша _____ т.т.

б) тексеруші-уәкілдің есебі бойынша (есептік парақ бойынша пайда) _____ т.т.

Айырмасы

т.т.

2.

А й ы р м а ғ а

т а л д а у

К і р і с т і

б ө л у :

а) гастрольдік сапар бойынша _____ т.т.

б) телебағдар бойынша (концерт) спектакль _____ т.т.

в) жалға беруден түскен _____ т.т.

г) көпшілік алдында қойылымға байланысты
емес әртүрлі түсім _____ т.т.

д) Биден түскен түсім, жоғарғы ұйымнан
алынған көмек сомасы _____ т.т.

ж) болашақ түсімнен болатын көмек _____ т.т.

Түскен кіріс жиынтығы: _____ т.т.

Есепке алынбаған төлем кірісінің есебі _____ т.т.

Қате есептелген кірістің есебі _____ т.т.

3. Қосымша төлем мен қайтарым _____ т.т.

К е р е к :

а) Кірістен қосымша төлеу _____ т.т.

Суретшілер қоры _____ Авторлық қаламақы _____ теңге

Журналистер қоры _____ Музыкалық қор _____ теңге

Әдеби қор _____ теңге

Барлығы: _____ теңге

б) Кірістен қайтарым _____ теңге

Авторлық қаламақы _____ теңге

Суретшілер қоры _____ Музыкалық қор _____ теңге

Журналистер қоры _____ Әдеби қор _____ теңге

Барлығы: _____ теңге

4. Орындаушылардың жалақысынан есептеу

Ж а л а қ ы с о м а с ы :

а) төлеушінің есебі бойынша _____ теңге

б) тексеруші-уәкілдің есебі бойынша _____ теңге

Айырмашылығы _____ теңге

К е р е к :

- а) Төлеу (авторлық қаламақыны) _____ теңге
- б) Қайтару (авторлық қаламақыны) _____ теңге

5. Есептеуден шыққан қорытынды
БАРЛЫҒЫ төлемнің (немесе қайтарымның) _____ теңге

С о н ы м е н қ о с а :

- Суретшілер қоры _____ Авторлық қаламақы _____ теңге
- Журналистер қоры _____ Музыкалық қор _____ теңге
- Әдеби қор _____ теңге

ЕСКЕРТУ: Қосымша төлемге (немесе қайтарымға) кеткен _____ дана
есеп парағы.

6. Айырмашылық пен есептеуге түсініктеме:

Жарғылардың негізінде осы акт жасалды.

ҚазМАСҚА-ның тексеруші-уәкілі _____

Төлеуші мекеменің есепшісі _____